Ар-ұят	<ul style="list-style-type: none"> -Академиялық адалдық қағидатын қолдау; -Адал еңбекті құрметтеу; -Сөзіне берік , ісіне адал болу; -Отбасының , өз ортасының абыройын асыру; -Халқына адал қызмет ету; -Әдеп нормаларын ұстану; -Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; -Достарына, сыныптастарына , отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; -Өзін отбасының , сыныптың мектептің қоғамның Отанның бір мүшесі екенін сезіну; 	<ul style="list-style-type: none"> -Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; -Сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады; -Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; -Достарын, сыныптастарын сыйлайды; -Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;
Талап	<ul style="list-style-type: none"> -Сыни креативті ойлау; -Жеке және командамен жұмыс істей білу; -Біліге , жаңаны тануға құштар болу; -Физикалық белсенді болу; -Салауатты өмір салтын ұстану; -Технологиялық және цифрлық 	<ul style="list-style-type: none"> -Жан мен тән тазалығын сақтайды; -Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді; -Қоршаған орта тазалығын сақтайды; -Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық;

дағдыларды ілгерлету; -Дұрыс қарым –қатынас орната білу; -Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау;	-Ізденімпаз, жасампаз тұлға;
---	------------------------------

«Оқуға құштар мектеп» жобасы осы бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді.

Оқырмандармен жұмыстың бағыты мен мақсаты:

- а) Барлық пәндер арқылы оқу.
- ә) Еркін оқу кеңістігі.
- б) Кітап оқу арқылы өзін-өзі дамыту.
- в) Отбасылық оқудың дәстүрлері.
- г) Оқу уақыты

Кітап сөрелеріне 50 кітап қойылды. Әсіресе, оқушыларды қызықтырған «Жол тәртібін жадында ұста», «Салауатты өмір салты», «Қазақ елдерінің асыл мұрасы», «Кім болам?», «Оқитын мектеп» жобасы бойынша кітап көрмелері ұйымдастырылған. Мұғалімдерге «Білім беру жүйесіндегі жаңа жолдар» көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шара өткізілгеннен кейін, кітапханаға оқырмандар келу саны көбейді. Жыл бойына пікір-сайыс, дөңгелек стол, викториналар өткізіледі.

Кел, бірге оқиық! «20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз» кітап оқу акциясы апта сайын жүзеге асырылды «Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп») жобасы аясында оқушылар өздері оқыған ертегілерін мазмұндап берді. Мақсаты: оқушылардың ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Білімге деген сүйіспеншілігін дамыту. «Оқуға құштар мектеп» аясында «Жаңа кітап әлемінде» жаңадан келген кітаптар мен танысып, оқуға ынталары артты.

Мақсаты: -оқушының ой-өрісін кеңейту.

«Оқуға құштар мектеп» «Бірге кітап оқиық» эстафета өтті. Мақсаты: оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы мемлекеттік білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын критерийлер:

білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі және сақталуы.

Оқыту процесі үлгілік оқу жоспары негізінде құрылды, жылдық күнтізбелік оқу кестесімен және сабақ кестесімен регламенттелді. Жұмыс бағдарламаларының мазмұны мен оқу жоспарлары сәйкес әзірленіп, іске асырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудың мазмұны, оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі білім берудің оқу жоспарларына және білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді. Базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және мекеменің ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша жұмыс оқу жоспары мен бағдарламаларын әзірлеуді мектеп дербес жүзеге асырады. «Бастауыш білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348

бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа; «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта деңгейлерін таңдау жөніндегі курстарды бекіту туралы» (2022 жылғы 12.08. № 365 өзгерістермен); және жалпы орта білім беру»).

2022-2023 жылы: 1-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі – 19,5 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке-18,5сағат, вариативті компонентке-1 сағат көзделген.

2-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі-24 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке-23 сағат, вариативті компонентке-1 сағат көзделген.

3-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі-26 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке-25 сағат, вариативті компонентке-1сағат көзделген..

4-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі-26 сағат, оның ішінде инвариантты

2023-2024 жылы: 1-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі – 19,5 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке-18,5сағат, вариативті компонентке-1 сағат көзделген.

2-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі-24 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке-22 сағат, вариативті компонентке-2 сағат көзделген.

3-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі-26 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке-25 сағат, вариативті компонентке-1сағат көзделген..

4 сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі - 26 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке-25 сағат, вариативті компонентке-1 сағат көзделген.

2024-2025 жылы: 1-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі - 19,5 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке - 18,5 сағат, вариативті компонентке - 1 сағат көзделген.

2-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі - 24 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке - 22 сағат, вариативті компонентке - 2 сағат көзделген.

3-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі - 26 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке - 25 сағат, вариативті компонентке - 1 сағат көзделген.

4-сыныпта ең жоғары оқу жүктемесі - 26 сағат, оның ішінде инвариантты компонентке - 25 сағат, вариативті компонентке - 1 сағат көзделген.

Оқу мерзіміне арналған критерийлер:

тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау

2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылы білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2-қосымшаның 46-т., 3-қосымшаның 62-Т., 4-қосымшаның 56-т.) мектепте мынадай оқыту кезеңдері мен мерзімдері айқындалған:

□ бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – төрт жыл.

Қорыта келе, талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің Үкіятқан бастауыш білім беретін мектебі» КММ 1-4, сыныптардың оқу сатылары анықталғанын көрсетті. Осылайша, білім

беру ұйымы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтайтыны анықталды, бастауыш білім - 4 жыл, Ол білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес Республиканың Білім Министрінің бұйрығы Қазақстан 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (2-қосымшаның 46-т., 3-қосымшаның 62-Т., 4-қосымшаның 56-т.) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақталатынын көрсетті.

5-бөлім. Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер: Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау:

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің Үкіятқан бастауыш білім беретін мектебі» КММ қызметтің ішкі тәртібін регламенттейтін құрылтайшылық құжаттары бар, оның ішінде: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 41-бабына, «Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің Үкіятқан білім беретін мектебі» КММ Жарғысы, жеке тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама, білім беру қызметі құқығына лицензия және оған қосымша, санитарлық ережелерге сай білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шарты, мектептің техникалық паспорты.

«Үкіятқан бастауыш білім беретін мектебі» КММ жеке тұрған ғимаратта орналасқан, 1970 жылы пайдалануға берілген. Жобалық орын - 25. Мектептің құрылымы кірпіштен жасалған, 1 қабаттан тұрады. Мектептің жалпы жер аумағы 0,0312 га, ауданы – 98,8м² құрайды. Алаң қолданыстағы санитарлық нормаларға, өртке қарсы қауіпсіздік тараптарына, тіркелген жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортына (№101000041276424) сәйкес келеді.

Ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін жағдайлар жасалған (тактильді /түсті белгілер).

Мектеп ғимаратына санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар, ол нысан санитарлық нормаларға сәйкес келеді. ТЖ нормалары бойынша кемшіліктер жоқ. *(СЭС, ТЖ қорытындылары, бейнебақылау камераларына қызмет көрсетуге арналған шарт, тамақтану жөніндегі құжаттар қоса беріледі).*

Мектептің жалпы аумағында 3 бейне бақылау камералары орнатылған

(1- мектеп сыртында, 1-мектеп ішінде, 1 - дәлізде). Автоматты өрт дабылы, 2 өрт сөндіргіш бар, оларды техникалық куәландыру және қайта зарядтау уақтылы жүзеге асырылады. Мектеп ғимараты периметрі бойынша қоршалған, құлыпталатын қақпалары бар. Жыл сайын оқу кабинеттері және дәліздерге косметикалық жөндеу жүргізіледі.

Мектеп жанында спорт алаңы жоқ. Мектеп алаңында заманауи футбол ойнайтын қоршау бар, құм төбе, әткеншектер, орындықтар, урналар орнатылған. Мектептің алды аумағы көгалдандыру, ағаштар, бұталар, гүлзарлар арқылы жасалған, көше жарығы бар. Ғимарат электр жарығымен, телефон байланысымен және интернетпен жабдықталған.

Мектеп ғимаратының жалпы ауданы - 98,8 м². құрайды. Олар: компьютер кабинет-1, оқу кабинеттері-2, дәліздер-1, мектеп алды даярлық сынып кабинеті мен шағын орталық

бөлмесі.

Жұмыс кабинеттері туралы мәліметтер:

Оқушылар 100% ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Оқушылар ұйымдастырылған түрде тамақтанады. Қазіргі таңда 4 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

Бастауыш сыныптар кабинеттері (1 және 3 сынып - 32,9 м², 2 мен 4 сынып - 12,7 м².) Кабинеттегі жиһаздар саны: мұғалім үстелі- 2, парталар-7, орындықтары-20, сынып бұрышы-2, сөрелер-2, Интербелсенді тақта-1, монитор-1, пернетақта-1, жүйелі блок-1, колонка-2, бормен жазатын тақта-2, «Табиғат бұрышы», «Математика ғылым бастауы», «Тілден терең теңіз жоқ», «Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ», «Әріптер әлемінде», «Математика ғылым бастауы», «Жолда жүру ережесі», «Менің Отаным-Қазақстан стендтер, таблицалық плакаттар, суретті картинкалар-2, «Әліпби»-2, геометриялық фигуралар - 2, магниттік демонстрациялық құралдар, үлестірмелі қағаздар, маркерлік тақта-1, бөлмелік термометр-2, құм сағаттар-2, шахмат-2, тюль-2, гүлсөресі-4.

Информатика кабинеті-8,2 ш.м. Кабинеттің жабдықтары:

2-4 сыныптарға арналған информатикадан оқулықтар мен оқу құралдары, мұғалімге арналаған әдістемелік құралдар, информатикадан кабинет паспортын жабдықтаудың құжаттар тізімі, компьютерге арналған үстел 1 дана, орындық 1 дана, 1 дана дербес компьютер, 1 дана жүйелік блок, 1 дана пернетақта, 1 дана тышқан, құлаққап 1 дана, көрнекілік стенд 1 дана, мұғалім партасы 1 дана, мұғалім орындығы 1 дана, оқушылар үстелі 4 дана, оқушылар орындығы 3 дана. Бор тақтасы 1 дана, көрнекілік құрал қоюға арналған 1 дана шкаф, 2 дана желілік фильтр.

Дене тәрбиесі бойынша бағдарламаны орындау үшін мектеп аумағында: спорт залы жоқ, Дене шынықтыру сабағы дәлізде өткізіледі. Сабаққа қажет құралдардың барлығы бар. **Спорт жабдықтар:** обруч-2, волейбол доптары-2, баскетбол доптары-4, футбол доптары-4, жалпақ гимнастикалық матрастар- 2, лақтыруға арналған секірткіш-2, ұзын гимнастикалық таяқшалар-2, қысқа гимнастикалық таяқшалар-2.

Мектепте 3 компьютерлік техникамен жабдықталған интернет желісіне 1 компьютер қосылған. Мектепте 1 компьютерге 3 оқушыдан келеді. Мектеп «Қазақтелеком» АҚ кең жолақты Интернетке қосылған. 16 Мбит/с жылдамдықты береді. Мектеп бойынша орташа жылдамдық 16 Мбит/с құрайды. Сыртқы және ішкі ақпараттық ресурстарға уақтылы және тұрақты қол жеткізу үшін жергілікті есептеу желісін кеңейту бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Мектепте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақпараттандыру жоспарына сәйкес бірқатар міндеттер іске асырылады: «**Kundelik**» **KZ**, «**ҰБДҚ**», «**BilimClass**» қолжетімді дұрыс және уақтылы толтырылып және көрсеткіш мониторингі көрсетіліп жасалып отырылады.

6 бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылының кітапхана бойынша өзін-өзі бағалау жұмысы «ауданының білім бөлімінің Үкіятқан бастауыш білім беретін мектебі»

КММ Кітапхана жоқ. Кітапхана бұрышы бар. Сынып бөлмесінде орналасқан.

«Оқуға құштар мектеп» Бәрін тастада, кітап оқуды баста.

Мақсаты: Кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру. Кітап оқуға басшылық жасау.

Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру.

«Оқу мектебі» жобасы аясында «Менің Қазақстаным-Мен сені жырлағым келеді» атты өлеңдер байқауы, «Менің елім өлеңдер» атты дөңгелек үстел, оқырмандар байқауы өткізілді. Табиғаты бойынша кітапхана қоры әмбебап, көп салалы болып табылады, кітаптар еркін қол жетімді. Бастауыш мектеп үшін – тақырыптық, Оқу әдебиеті сыныптарға бөлінген.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып 1-4 сыныптардағы мектеп оқушылары «Атамұра», «Алматыкітап», баспаларының оқулықтарымен қамтамасыз етілді. Кітап қоры 2024-2025 оқу жылына аудандық білім бөлімінің есебінен толықтырылды. Анықтамалар, сөздіктер, мерзімді басылымдар кітапханашының талабымен, оқырмандардың сұранысына сай келеді.

- Мектептің педагогикалық ұжымы – 4
- оқушылар – 4

Негізгі салыстырмалы-бақылау көрсеткіштерінің кестесі

Оқу жыл	Кітапхана қоры	Оқырмандар сан
2021-2022	280	10
2022-2023	308	14
2023-2024	408	10
2024-2025	428	12

7 бөлім. Оқушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне критерийлер: - ЖБББ үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері) - білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Оқушылардың дайындық деңгейінің критерийлері:

- БҰ типтік оқу жоспарына және бастауыш, негізгі орта және жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім берудің тиісті деңгейіндегі әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері) орта білім (оқушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі).

2022-2023 оқу жылында білім сапасы 86 %, үлгерім 100% құрады.

2023-2024 оқу жылында білім сапасы 100%, үлгерім 100% құрады.

2024-2025 оқу жылында білім сапасы 100%, үлгерім 100% құрады.

Пәндер бойынша білімнің үлгерімі мен сапасы

Пәндер	2022-2023о.ж	2023-2024 о.ж	2024-2025 о.ж
Қазақ тілі	86	100	100
Әдебиеттік оқу	86	100	100
Орыс тілі	86	100	100
Шет тілі	86	100	100
Математика	86	100	100
Цифрлық сауаттылық	есептелді	есептелді	есептелді
Музыка	есептелді	есептелді	есептелді
Дене шынықтыру	есептелді	есептелді	есептелді
Көркем еңбек	есептелді	есептелді	есептелді
Еңбекке баулу	есептелді	есептелді	есептелді
Бейнелеу өнері	есептелді	есептелді	есептелді
Дүниетану	86	100	100
Жаратылыстану	86	100	100

2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылында 1-сыныптар «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.08.28 № 373 бұйрығына сәйкес бағаланбайды, критериалды бағалау барлық 2-11 сыныптарда жүргізілді.

2024-2025 оқу жылына арналған ӘНХ сәйкес жиынтық және формативті бағалау жүргізу алгоритмі сақталды. Күн сайын электрондық журналға формативті бағалау ұпайлары қойылды. Мұғалім күн сайын журналда білім алушылардың оқу жетістіктерінің барысын балл түрінде тіркеді: формативті бағалау үшін максималды балл 2-4 сыныптарда 10 балдан аспайды. Тоқсанға баға қою кезінде формативті бағалау үшін орташа балл ескеріледі. Тоқсандық жиынтық бағалау 50% -дан (тоқсандық жиынтық бағалау), 25% - ы БЖБ (бөлім бойынша жиынтық бағалау) және 25% - ы ағымдағы сабақтар үшін формативті бағалаудан құралады. Мұғалім білім алушылардың формативті бағалауларының санын өзі анықтады. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндері бойынша бастауыш мектепте жиынтық бағалау жүргізілмейді. Тоқсан соңында жартыжылдық және оқу жылының соңында «Дене шынықтыру», «Көркем еңбек», «Музыка», «Бейнелеу өнері», «Цифрлық сауаттылық» пәндері бойынша бастауыш мектепте «есептелді», «есептелген жоқ» деп қойылады.

Сондай-ақ, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, білім мен дағдыларды қолдану бойынша оқушылардың жетістіктерін бағалау бойынша жұмыс жүргізілді. Оқушылардың функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру үшін Bilimland KZ, онлайн платформасы тұрақты негізде пайдаланылады.

Қорыта айтқанда, мектепте білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі құрылды және жұмыс істеді. Бағалау жүйесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген критерийлерге негізделеді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген).

Формативті және жиынтық бағалау талаптары сақталды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету);

МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ.

8 бөлім. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

- Материалдық-техникалық база жаңартуды қажет етеді;
- Мұғалімдердің біліктілік санаттарын көтеру қажет етеді;

Шешу жолдары:

- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда олардың мүмкіндіктерін барынша пайдалану мақсатында кабинеттерді қазіргі заманғы талаптарға сәйкес оқу-әдістемелік жарақтандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- МЖМБС шеңберінде оқыту сапасын арттыру бойынша мектептің жұмыс жүйесін жетілдіру;
- Білім беру сапасын арттыру бойынша ата-аналармен өзара іс-қимылды нығайту;
- Дарынды білім алушылармен жұмыс бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жандандыру.

9 бөлім. Мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтарды жою туралы есеп

«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім беру бөлімінің Үкіятқан бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезеңдегі мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтарды жою туралы есебі:

1. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкестегі.

Бұзушылық: ЖОЖ Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР Оқу -ағарту министрінің 18.08.2023 жылғы №323 бұйрығының редакциясындағы ҮОЖ 1-қосымшасына сәйкес келмейді.

Бұзушылықты жою: ЖОЖ Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға

арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР Оқу -ағарту министрінің 18.08.2023 жылғы №323 бұйрығының редакциясындағы ҮОЖ 1-қосымшасына сәйкес келтірдік. 2024-2025 оқу жылының ең жоғары апталық жүктеме 95,5 сағат, жылдық жүктеме 3227,5 сағат,34 аптасына есептелген, ЖОЖ ҮОЖ сәйкес келеді. Вариативтік компонентте оқытылатын курстар: 1-сыныпта 1 сағаттан “Математика әлемінде”, 2-сыныпта 1 сағаттан “Математика әлемінде”,1 сағаттан “Көркем жазу”, 3- сыныпта 1 сағаттан “Логика әлемі”, 4-сыныпта 1 сағаттан “Логика әлемі”. Сөйтіп, ЖОЖ ҮОЖ 1-қосымшасына сәйкес келеді. 2023-2024 оқу жылында қазақ тілінде оқытылатын бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына негізделген оқу жүктемесінің максималды көлемі 95,5 сағатты құрады. Бұл Bilimklass платформасында сағаттар типтік оқу жоспарына сәйкес, демек, бастауыш білім берудің үлгілік жоспарларының 1-қосымшасына сәйкес өзгертілген және 95,5 сағатты құрайтын жұмыс оқу жоспарымен бөлінгеніне қарамастан , жұмыс жоспарында 90,5 сағат деп қате белгіленген. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес бағдарламалық материал 100 % орындалды.

ЖОЖ Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР Оқу -ағарту министрінің 18.08.2023 жылғы №323 бұйрығының редакциясындағы) ҮОЖ 1-қосымшасына сәйкес келеді.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігі растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

Бұзушылық: ЖОЖ Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары (ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 жылғы №323 бұйрығының редакциясындағы 1-қосымша) негізінде құрылған: білім салалары және оқу пәндері толық сақталған, дегенімен ең жоғары апталық жүктеме 95,5 сағаттың орнына 90,5 сағат деп жазылған, жылдық жүктеме 3227,5 сағат, 34 оқу аптасына есептелген, ЖОЖ ҮОЖ сәйкес келмейді.

Бұзушылықты жою: 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарын талдау барысында апталық жүктеменің жалпы санында сәйкессіздік анықталды. Осылайша көзделген 95,5 сағаттың орнына 90,5 сағат көрсетілді, бұл МЖМБС -ны бұзуды құрайды. Оқу жұмыс жоспарына түзетулер енгізілді, апталық оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келтірілді.1-қосымшаға сәйкес оқу жұмыс бағдарламасына өзгеріс енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 18.08.2023 №323 бұйрығымен Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламасының негізінде. Осы өзгерістерге сәйкес апталық ең жоғары жұмыс көлемі 95,5 сағатты құрады.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 27-тармағына сәйкес келеді.

3. “Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік , орта білім нен кейінгі білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы “Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қантардағы №44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13070 болып тіркелген) (бұдан әрі -№44 бұйрық) бекітілген және “Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы “Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 болып тіркелген) (бұдан әрі - 216 бұйрық) бекітілген оқулықтарға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы. Болжамды білім алушылар контингентіне арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығының болуы.

Бұзушылық: оқулықтармен қамту бойынша қажетті ақпарат ұсынылмады және 12-қосымшаға келісе 1-сыныптың 2 оқушысына оқулықтар 1 данадан бар, көркем әдебиет қоры жоқ. Біліктілік талаптарға сәйкес келмейді.

Бұзушылықты жою: Көркем әдебиетпен қамтамасыз ету туралы мәліметтер нақтыланды және толықтырылды: мектеп кітапханасындағы көркем әдебиет даналарының саны туралы нақты мәліметтер енгізілді. Білім беру процесінде қолданылатын негізгі кітаптардың тізімі көрсетілген. Сыныптағы оқушылар саны туралы деректер көрсетілген: 12-қосымшада оқу және көркем әдебиетке әр сынып оқушылар қол жеткізетіні туралы мәліметтер енгізілді. Өзін-өзі бағалау парағында әр пән мен сынып бойынша оқулықтармен қамтамасыз етілгені туралы толық мәліметтер енгізіліп 100 % қамтамасыз етілген үлесі енгізілді. 1-сынып оқушылары оқулықтармен толық қамтамасыз ету сәйкес келеді: енді әр оқушыға әр пән бойынша оқулықтың 1 данасы келеді. 12-қосымшада кітапхана қоры туралы деректер, даналардың жалпы саны, неғұрлым талап етілетін кітаптардың атауы, сондай-ақ мерзімді басылымдар мен электрондық кітапханада деректер көрсетілген.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 27-тармағына сәйкес келеді.

4. 4-тармақ ҚР ДСМ-76 бұйрығы және "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26866 болып тіркелген) (бұдан әрі № ҚР ДСМ-16 бұйрық) бекітілген халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар тамақтандыру объектісінің болуы. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарттың болуы.

Бұзушылық: өзін-өзі бағалауда тамақтандыру ұйымдастыру бойынша ақпарат жазылмаған, тиісті қосымша, құжаттар ұсынылмады. Біліктілік талаптарға сәйкес келмейді.

Бұзушылықты жою: тамақтандыру туралы келісім шартты бар 31.03.2025 ж №91, мектепте кейтеринг (дайын тамақты термоспен әкеледі). Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы жоқ, өйткені жаңа ғимаратқа көшіуне байланысты Мектеп жарғысы дайын емес, бірақ өңдеуде.

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің қорытындысы мекеменің заңды

мекенжайының өзгеруіне және көшуіне байланысты уақытша жоқ. Мектеп Жарғысының жаңа редакциясын тіркеу және мекенжайды бекіту рәсімі аяқталғаннан кейін санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізуге және тиісті қорытынды алуға өтінім берілетін болады.

5. 5-тармақ. № ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қадифаларға және “Өрт қауіпсіздігі қадифаларын бекіту туралы “Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген), сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың теміржол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.

Бұзушылық: Мектепке және жер теліміне жедел басқару туралы ақпарат енгізілмеген, анықтама электронды үкімет порталынан 2024 жылдың 5-наурызында алынған. Спортзал жоқ.

Бұзушылықты жою: Мектеп ғимаратына барлық қажетті құқық белгілейтін құжаттар (актілер, кадастырлық құжаттар, құқық белгілейтін шешімдер) дайындалып жиналды. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама өзектендірілді, электрондық үкімет порталынан жаңартылған анықтама қайта алынды, онда барлық қажетті мәліметтер: ғимарат пен жер учаскесіне қатысты мектепке жедел басқару құқығы тіркелді, мектепке бекітілген барлық жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық сипаттамалары көрсетілді. Спорт залының жоқтығы туралы ақпарат құжатпен ресімделген, оқу процесінде спорт залына арналған жеке спортзал болмауына байланысты дене шынықтыру сабақтарын өткізуге арналған бейімделген бөлме уақытша пайдаланылады. Оқу сабақтарының кестесіне баламалы үй-жайларды қауіпсіз және ұтымды пайдалануды ескере отырып өзгерістер енгізілді. Демеушілік және бюджеттен тыс қолдау іздестірілуде, мектептің спорттық инфрақұрылымын жақсартуға жәрдемдесу үшін қоғамдық және ата-аналармен жұмыс жүргізілуде.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 27-тармағына сәйкес келеді.

6. 6-тармақ . Бастауыш білім беру деңгейі.

- “Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы.

- №348 бұйрыққа және “Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қадифаларын бекіту туралы “Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы;

- edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;

- №70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;

- №385 бұйрықпен бекітілген және пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы;

- № ҚР ДСМ-76 бұйрықпен бекітілген санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес ауыз су режимін ұйымдастыру;

- Ғимаратта № ҚР ДСМ-76 - бұйрығына сәйкес келетін санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуатын раковиналар) болуы.

Бұзушылық: Ауыз сумен, спортзалмен, санитариялық тораппен қамтылмаған; Үшінші деңгейдегі домендік атау рәсімделмеген.

Бұзушылықты жою: КЖ № ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес келетін бөтелкедегі ауыз суды жеткізу ұйымдастырылды. Спортзал болмағасын дене шынықтыру сабақтарын өткізуге бейімдеу бөлмеде жүргізіледі. Орталық сумен жабдықтау және кәріз жүйесі бар, унитаз орнатылған. Гигиена аймағы жабдықталған: қол жууға арналған раковина бар, тазалық пен дезинфекция қамтамасыз етілген. Санитарлық нормаларға сәйкес санитарлық-гигиеналық жағдайларды келтіру жөніндегі жоспар әзірленді және іске асырылуда: дезинфекция жүргізілді, санитарлық-техникалық құралдар сатып алынды, санитарлықжай-күйдің күнделікті мониторингіне жауапты тұлға тағайындалды. Edu.kz аймағындағы мектептің ресми сайты тіркелген домендік әзірлеу және орналастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Сайттағы ақпаратты техникалық сүйемелдеу және жаңарту үшін жауапты қызметкер тағайындалды. Үшінші деңгейдегі домендік атау - <http://ukatkanskaya-uzunkol.edu.kz>

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 27-тармағына сәйкес келеді.

11 бөлім. Қорытындылар мен ұсыныстар.

Мектептің өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі комиссия педагогикалық ұжымының оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелілігіне терең талдау жүргізді. Өзін-өзі бағалау материалдарына сараптама жүргізе отырып, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің Үкіятқан бастауыш мектебі» КММ өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссия төмендегідей қорытынды мен ұсыныстар жасады:

- Оқу-тәрбие үрдісі мен әдістемелік жұмыс ҚР Білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, мектеп Жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылады.
- Оқу-тәрбие процесі «Ұзынкөл ауданы әкімшілігінің білім бөлімі»ММ бекіткен ҚР МЖМБС, үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламаларына, жұмыс оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған.

- Педагогикалық ұжым курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспары бар және ол іске асырылуда. Педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша үлкен әдістемелік жұмыс жүргізілуде. Ұжымда жақсы моральдық-психологиялық ахуал бар. Оқу сапасын уақтылы түзету мақсатында оқушылардың үлгерімі бақыланады және талданады.
- Мектептің тәрбие жұмысы бәсекеге қабілетті, бейімделген тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.
- Тәрбие жұмысының барлық сегіз негізгі бағыты бойынша мектеп жүйелі жұмыс жүргізілуде.
- Оқушылар оқу әдебиеттерімен 100% қамтамасыз етілген.